

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ЖАҢАТАС
КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІН ЛАУАЗЫМҒА
ТАҒАЙЫНДАУҒА КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯСЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ**

№1 ХАТТАМАСЫ

Жаңатас қаласы, 12.08.2025 жыл

Өткізілген орны: Жаңатас көпсалалы колледжі Zoom арқылы.

Отырысқа қатысқан конкурстық комиссиясы құрамында:

1. **Ибраймова Кулхан Токтасыновна** - Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының директордың оқу өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрайымы.
2. **Сенбай Алтын Өтегенқызы** - Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының әдіскері, комиссия мүшесі.
3. **Джолшибекова Алия Игенбайқызы** - Жамбыл облысы оқу ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының құқықтық қызметінің басшысы, комиссия мүшесі.
4. **Мамбетова Акбота Кудайбергеновна** - Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының тау-кен мамандығы бойынша оқытушысы, комиссия мүшесі.
5. **Дуйсенова Гульнар Тапеновна** - Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының химия пәнінің оқытушысы, комиссия мүшесі.

Күн тәртібінде:

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынындағы бос лауазымдарға тағайындау конкурсы туралы

2025 жылдың 23 шілде айында Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасынан педагогтерді жұмысқа қабылдау бойынша әрбір педагог бос жұмыс орындарын көру және орналасуға құжаттарды тапсыру үшін «<https://hr-nobd.edu.kz>» модулі іске қосылғандығы туралы хабарлап, конкурсқа құжаттарды қабылдау қағаз форматы алынып тасталды деп көрсетілген.

Осыған орай, 2025 жылдың 25 шілде айында бір штаттық бірлікке (720 сағат) ағылшын тілі – жалпы пән және арнайы пәндер: автоматтандыру және басқару, маркшейдерлік іс, химия пәндері конкурс хабарланған.

Аталған конкурс <https://hr-nobd.edu.kz> модулі арқылы хабарлама және комиссия мүшелері автоматтық түрде толтырылып жарияланды.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізілді, құжаттарды кандидаттар модуль арқылы жіберілген, кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Бас

прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Ақпараттық сервисі арқылы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы сұрау хаты жіберіліп барлық құжат тапсырған кандидаттарға анықтама алынды (*ештене анықталмаған*). Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде кандидаттар құжаттарының Үлгілік біліктілік талаптарымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарады.

Модуль арқылы өткізілген конкурс барысында Zoom жүйесі арқылы қосылып ашық түрде өткізілді.

Комиссия мүшелері өздерінің тараптарынан құжат салынған кандидаттардың құжаттарын қарап, конкурсты өткізу тәртібінің кезеңдеріне сәйкес, келесідей баяндалды:

Комиссия мүшесі **А.Джолшибекова:**

- Құрметті отырыс қатысушылары, іске қосылған модуль арқылы колледжде ағылшын тілі жалпы пән оқытушысына 4 (төрт) кандидат түсуде және химия арнайы пәнге бір кандидат құжаттарын ұсынуда, конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардың құжаттарын қарап шығып, бағалау парақтарындағы баллдарын санап, дұрыстығын қарап шықсаңыздар.

К.Ибраймова:

- Құрметті отырыс қатысушылары, Кандидаттар модульге салынған бағалау парағына төмендегіше балл қойылған:

Дабыл Дамира Нұрманқызы кандидат «Ағылшын тілі» жалпы пән оқытушысы өзін өзі 14 баллмен бағалаған, комиссия мүшелерінің есебімен 14 балл қойылды, тесттен өткен.

Айтжанова Арай Таубайқызы кандидат «Ағылшын тілі» жалпы пән оқытушысы өзін өзі 20 баллмен бағалаған, тесттен өткен.

Тугамбай Мөлдір Галымжанқызы кандидат «Ағылшын тілі» жалпы пән оқытушысы өзін өзі 21 баллмен бағалаған, тесттен өткен.

Елгондиева Гульназ Бахитовна кандидат «Ағылшын тілі» жалпы пән оқытушысы өзін өзі 18 баллмен бағалаған, тесттен өткен.

Чамбаева Гульнара Издибаевна кандидат «Химия пәні» арнайы пән оқытушысы өзін өзі 16 баллмен бағалаған.

Конкурс барысында модуль арқылы комиссия мүшелері:

- **Елгондиева Гульназ Бахитовна кандидат** «Ағылшын тілі» жалпы пән оқытушысын модульдың өзінде көрсетілген батырмаларын баса отырып 4 (төрт) комиссия мүшелері бас тарту тетігін басып, 1 комиссия мүшесі құжаттарды пысықтауға жіберген, хатшы жүйені ашып қарағанда «кандидат өтпеді» деген жазба автоматты түрде шыққан болатын. Комиссия мүшелері өздерінің бағалауымен – 4 балл қойған болатын.

- **Айтжанова Арай Таубайқызы кандидат** «Ағылшын тілі» жалпы пән оқытушысын құжаттарын пысықтауға қайта жіберілді.

- **Чамбаева Гульнара Издибаевна кандидат** «Химия пәні» арнайы пән оқытушысын құжаттарын пысықтауға қайта жіберілді.

Кандидаттар **Елгондиева Гульназ Бахитовна, Тугамбай Мөлдір Галымжанқызы** конкурстан өз еріктерімен бас тартты (*ұялы байланыс арқылы айтылды*).

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2025 жылы 11 тамыз айында шығ.№02-3544 тапсырма хатын басшылыққа алып, ағымдағы жылдың 12 тамыз айында Zoom арқылы комиссия мүшелері әрі қарай пысықтауға жіберілген кандидаттардың құжаттарын тексеріп, оның ішінде:

Айтжанова Арай Таубайқызы кандидат «Ағылшын тілі» жалпы пән оқытушысына 16 балл қойылды.

Чамбаева Гульнара Издибаевна кандидат «Химия пәні» арнайы пән оқытушысына 11 балл қойылды. Басқа кандидат жоқ.

Конкурстық комиссия отырысын комиссия төрайымы **К.Ибраймова** ашты.

Конкурсқа қағаз жүзінде пысықтауға жіберілген кандидаттарды қарауға комиссия мүшелерінен 4 (адам) қатысты, 57 бұйрықтың 111 бабына сәйкес «Конкурстық комиссияның отырысы, егер оған комиссияның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысса, өтті деп, ал оның шешімі заңды деп есептеледі» - делінген.

«Автоматтандыру және басқару, маркшейдерлік іс» мамандықтары бойынша конкурс жарияланған, комиссия бос лауазымға орналасуға кандидаттарды анықтамады, 57 бұйрыққа сәйкес конкурс өтпеді деп танылады.

Комиссия мүшесі **А.Джолшибекова:**

- Құрметті отырыс қатысушылары, жоғарыда айтылғандары ескере отырып шешім қабылдауымыз қажет. Осы ретте, химия арнайы пән оқытушысын кандидат Чамбаева Гульнара Издибаевнаны, ағылшын тілі жалпы пән оқытушысын Айтжанова Арай Таубайқызы жұмысқа қабылдауға ұсынамын.

Сондай-ақ, Педагогтерді лауазымға тағайындау қағидаларының 121 тармағына сай *Конкурс қорытындысы бойынша шешімді конкурстық комиссия кандидат жинаған балдар негізінде қабылдайды. Ең көп балл жинаған кандидат конкурстың жеңімпазы болып есептеледі, оған шешім қабылдау үшін 24 (жиырма төрт) сағат беріледі. Егер конкурс жеңімпазы шешім қабылдамаса немесе бас тартса, тағайындау бағалау бойынша ең жоғары балға ие конкурстың келесі қатысушысына ұсынылады. Конкурс жеңімпазы мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысына тағайындауға ұсынылады.*

Осы ретте, Айтжанова Арай Таубайқызы тарапынан шешім қабылданбаса немесе бас тартылса, ағылшын тілі жалпы пән оқытушысына кандидат Дабыл Дамира Нұрманқызына ұсыныс берілуі тиіс.

Сондай-ақ, кандидат Дабыл Дамира Нұрманқызының құжаттарын қарауда, ол кандидат Маңғыстау облысынан қатысып отырғанын ескере отырып, оған шешім қабылдау үшін 24 (жиырма төрт) сағат берілуі тиіс. Егер келесі кандидат тарапынан шешім қабылданбаса немесе бас тартылса, ағылшын тілі жалпы пән оқытушысына конкурс өтпеген болып есептеледі. Шешімде осы мәселелерді анықтап көрсетуді ұсынамын.

К.Ибраймова:

- Айтылған ұсыныстарды қабылдауға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Аталған ұсыныс бойынша дауыс беріліп, бірауыздан келісілді.

Жоғарыда аталған мәселелерді қарастыра келе, конкурстық комиссия ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Конкурс қорытындысы бойынша химия жалпы пән оқытушылары кандидаттар Чамбаева Гульнара Издибаевнаны, Айтжанова Арай Таубайқызын конкурстан өтті деп есептелсін, жұмысқа қабылдауға ұсынылсын.

1.1. Кандидат Айтжанова Арай Таубайқызы тарапынан шешім қабылданбаса немесе бас тартылса, ағылшын тілі жалпы пән оқытушысына кандидат Дабыл Дамира Нұрманқызына ұсыныс берілсін.

1.2. Келесі кандидат Дабыл Дамира Нұрманқызы тарапынан шешім қабылданбаса немесе бас тартылса, ағылшын тілі жалпы пән оқытушысына конкурс өтпеген болып есептелсін.

2. «Автоматтандыру және басқару, маркшейдерлік іс» мамандығы бойынша конкурс өтпеген болып есептелсін.

3. Кандидаттар өздеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен таныстырылсын.

4. Конкурстың нәтижесі колледждің Интернет-ресурсында, немесе әлеуметтік желілерінің ресми аккаунтында жариялансын.

Комиссия төрайымы
Комиссия мүшелері



К.Ибраймова


А.Сенбай

А.Джолшибекова

А.Мамбетова

Г.Дуйсенова

Г.Айнекова



Хатшы

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЖАҢАТАС КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІН
ЛАУАЗЫМҒА ТАҒАЙЫНДАУҒА КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ
12.08.2025 жылғы Zoom платформасы арқылы отырысының №1
хаттамасымен танысу және келісу туралы**

№	Аты-жөні лауазымы	Қолы	Келісу датасы	Ескертпелер
1	Сенбай Алтын Өтегенқызы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының әдіскері, комиссия мүшесі.		12.08.2025 жыл	

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЖАҢАТАС КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІН
ЛАУАЗЫМҒА ТАҒАЙЫНДАУҒА КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ
12.08.2025 жылғы Zoom платформасы арқылы отырысының
№1 хаттамасымен танысу және келісу туралы
КЕЛІСУ ПАРАҒЫ**

№	Аты – жөні, лауазымы	Қолы	Келісу датасы	Ескертпе- лер
1	Джолшибекова Алия Игенбаевна, Жамбыл облысы оқу ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының құқықтық қызметінің басшысы, комиссия мүшесі		12.08. 2025 жыл	